

**Эльмира Әбдіғалиқызы Өтебаева¹, Ардана Батырханқызы Нұстаева^{2*},
Дәрия Тұрсынбекқызы Сәрсенбек³**

¹филология ғылымдарының кандидаты, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-6500-6062 E-mail: Elmira_abdigali@mail.ru

^{2*}филология магистрі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-8810-3239 E-mail: ardana.nustaeva@bk.ru

³магистрант, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0004-3275-8649 E-mail: ss.dariya01@mail.ru

ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ СӨЗДІК ҚҰРАСТЫРУДАҒЫ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ МӘДЕНИ-ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Андатпа. Лингвоелтаным – тілді ұлттық мәдениет, тарихи сана және этникалық дүниетаныммен өзара сабақтастықта қарастыратын кешенді ғылыми бағыт ретінде сипатталады. Мақалада лингвоелтанымдық зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, ұғымның мазмұны мен қызметі түрлі ғалымдардың көзқарастары негізінде талданды. Зерттеу барысында қазақ халқының дүниетанымын бейнелейтін лексикалық бірліктер: туыстық атаулар, этикалық ұстанымдар, дастарқан мәдениеті, ұлттық киім атаулары, туған жер мен тарихи оқиғаларға байланысты тілдік деректер, сондай-ақ белгілі тұлғаларға қатысты бірліктер тандалып, олардың лингвоелтани мазмұны кешенді тұрғыда қарастырылды. Әдіснамалық негіз ретінде сипаттамалы, құрылымдық-семантикалық және интерпретациялық талдау әдістері қолданылды. Сөздікке енгізілген материалдар шетелдік тіл үйренушілерге бағытталып, қазақ халқының ұлттық болмысын, мәдениетін және дүниетанымдық ерекшелігін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік беретін түсінікті әрі көрнекі форматта ұсынылады. Ақпарат визуалды және мультимедиялық құралдармен (сурет, карта, бейнематериал, QR-код) толықтырылып, практикалық тұрғыдан тіл үйренуге қолайлы ресурстар ретінде қарастырылады. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытудың мәдениетаралық аспектісін күшейтуге, ұлттық құндылықтарды насихаттап, мәдени-танымдық әлеуетін арттыруға бағытталған. Осы негізде әзірленген лингвоелтанымдық сөздік – қазақ тілін үйренушілер мен шетелдік саяхатшыларға қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық тілі мен рухани мәдениеті жайлы кешенді мәлімет беретін, қазақ тіл білімінде баламасы жоқ жаңа үлгідегі танымдық құрал болмақ.

Тірек сөздер: лингвоелтанымдық бірліктер; ұлттық болмыс; мәдени-танымдық мазмұн; мәдениетаралық құзыреттілік; ұлттық ерекшеліктер

Қаржыландыру көзі: Мақала BR21882227 «Жаңа Қазақстан контекстіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Сілтеме жасау үшін: Өтебаева Э.Ә., Нұстаева А.Б., Сәрсенбек Д.Т. Лингвоелтанымдық сөздік құрастырудағы қазақ сөздерінің мәдени-танымдық сипаты. *Tiltany*, 2025. №3 (99). 163-173-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-163-173>

**Эльмира Абдугалиевна Утебаева¹, Ардана Батырхановна Нұстаева^{2*},
Дәрия Тұрсынбекқызы Сәрсенбек³**

¹кандидат филологических наук, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6500-6062 E-mail: Elmira_abdigali@mail.ru

^{2*}магистр филологии, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-8810-3239 E-mail: ardana.nustaeva@bk.ru

³магистрант, Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0004-3275-8649 E-mail: ss.dariya01@mail.ru

КУЛЬТУРНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ КАЗАХСКИХ СЛОВ В ПРОЦЕССЕ СОСТАВЛЕНИЯ ЛИНГВОСТРАНОВЕДЧЕСКОГО СЛОВАРЯ

Аннотация. Лингвострановедение описывается как комплексное научное направление, рассматривающее язык во взаимосвязи с национальной культурой, историческим сознанием и этническим мировоззрением. В статье определены теоретико-методологические основы лингвострановедческих исследований, проанализированы содержание и функция понятия на основе взглядов различных ученых. В ходе исследования были выбраны лексические единицы, отражающие мировоззрение казахского народа: родственные имена, этические позиции, культура дастархана, национальные названия одежды, языковые данные, связанные с местом рождения и

историческими событиями, а также единицы, относящиеся к известным личностям, и комплексно рассмотрено их лингвокультурное содержание. В качестве методологической основы использованы методы описательного, структурно-семантического и интерпретационного анализа. Материалы, включенные в словарь, ориентированы на изучающих иностранный язык и представлены в понятном и наглядном формате, позволяющем глубже объяснить национальную идентичность, культуру и мировоззренческую специфику казахского народа. Информация дополняется визуальными и мультимедийными средствами (изображение, карта, видео, QR-код) и рассматривается как ресурс, подходящий для изучения языка с практической точки зрения. Результаты исследования направлены на усиление межкультурного аспекта обучения казахскому языку, пропаганду национальных ценностей и повышение их культурно-познавательного потенциала. Разработанный на этой основе лингвострановедческий словарь станет новым видом познавательного инструментария, не имеющего аналогов в казахском языкознании, предоставляющего изучающим казахский язык и иностранным путешественникам исчерпывающую информацию об обычаях и традициях, национальном языке, духовной культуре казахского народа.

Ключевые слова: лингвострановедческие единицы; национальное бытие; культурно-познавательное содержание; межкультурная компетентность; национальные особенности

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования №BR21882227 «Лингвистические средства и разработки модернизации языкового сознания в контексте нового Казахстана».

Для цитирования: Утебаева Э.А., Нустаева А.Б., Сарсенбек Д.Т. Культурно-познавательные характеристики казахских слов в процессе составления лингвострановедческого словаря. *Tiltanyim*, 2025. №3 (99). С. 163-173. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-163-173>

Elmira Utebayeva¹, Ardana Nustayeva^{2*}, Dariya Sarsenbek³

¹Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-6500-6062 E-mail: Elmira_abdigali@mail.ru

^{2*}Master of Philology, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0001-8810-3239 E-mail: ardana.nustayeva@bk.ru

³Master's Student, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0009-0004-3275-8649 E-mail: ss.dariya01@mail.ru

CULTURAL AND COGNITIVE CHARACTERISTICS OF KAZAKH WORDS IN THE PROCESS OF COMPILING A LINGUOCULTURAL DICTIONARY

Abstract. Linguoculturology is described as a complex scientific field that examines language in relation to national culture, historical consciousness, and ethnic worldview. The article defines the theoretical and methodological foundations of linguistic and foreign studies, analyzes the content and function of the concept based on the views of various scientists. During the research, lexical units reflecting the worldview of the Kazakh people were selected: related names, ethical positions, dastarkhan culture, national clothing names, linguistic data related to the place of birth and historical events, as well as units related to famous personalities, and their linguistic and cultural content was comprehensively considered. The methods of descriptive, structural-semantic and interpretative analysis are used as a methodological basis. The materials included in the dictionary are aimed at foreign language learners and are presented in an understandable and visual format that allows for a deeper explanation of the national identity, culture and ideological specifics of the Kazakh people. The information is complemented by visual and multimedia means (image, map, video, QR code) and is considered as a resource suitable for learning a language from a practical point of view. The research results are aimed at strengthening the intercultural aspect of teaching the Kazakh language, promoting national values and increasing their cultural and cognitive potential. The linguocultural dictionary developed on this basis will become a new type of educational tool, unique in Kazakh linguistics, providing students of the Kazakh language and foreign travelers with comprehensive information about the customs and traditions, national language, and spiritual culture of the Kazakh people.

Keywords: linguistic and cognitive units; national identity; cultural and cognitive content; intercultural competence; national characteristics

Source of financing: The article was prepared within the framework of the program-targeted financing project BR21882227 “Linguistic tools and developments for the modernization of linguistic consciousness in the context of new Kazakhstan”.

For citation: Utebayeva, E., Nustayeva, A., Sarsenbek, D. Cultural and Cognitive Characteristics of Kazakh Words in the Process of Compiling a Linguocultural Dictionary. *Tiltanyim*, 2025. No.3 (99). P. 163-173. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-3-163-173>

Қысқаше

Тіл – адамның басты қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың өмірін, тарихын, мәдениетін және дүниетанымын бейнелейтін айна. Тіл мен мәдениет

арасында терең және өзара байланыстың бар екендігі қазіргі қоғамда кеңінен мойындалып отыр. Лингвоелтану – тіл мен мәдениеттің тұтастығын түсінуге бағытталған білім саласы. Лингвоелтану пәні арқылы тіл үйренушілер тек сөздер мен грамматикалық ережелерді ғана меңгеріп қоймай, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың дүниетанымын, құндылықтарын, дәстүрін, тарихын және әлеуметтік ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік алады. Лингвоелтаным ұғымы лингвистикалық ғылымда елтанымдық бағдардағы тіл үйрету үрдісіне қатысты термин ретінде алғаш рет XX ғасырдың екінші жартысында қолданыла бастады. Е.Верецагин мен В.Костомаровтың пікірінше, бұл термин алғаш рет 1971 жылы жарық көрген «Шет елдіктерге орыс тілін үйретуде елтанымның лингвистикалық проблематикасы» атты еңбекте қолданылғанымен, 1970 жылдардың ортасына дейін ғылыми қауымдастықта кеңінен қолданысқа ене қойған жоқ (Верецагин, Костомаров, 1973: 135). Тіл мен мәдениет арасында тығыз байланыс бар, ал лингвоелтаным осы байланысты зерттеп, оны түсіну және қолдану жолдарын ашады. Е.М. Верецагин лингвоелтанымдық тәсілдің тіл үйрену саласында коммуникативтік әдістеменің қалыптасу кезеңінде дами бастағанын айтып, еңбегінде: «Бұл әдіске сәйкес, кез келген тіл оқыту курсының мазмұны тек лингвистикалық құрылымдармен шектелмей, тілдің семантикалық қатынастарын және әлеуметтік қызметтерін қамтуы қажет, өйткені тілдің басты мақсаты – коммуникация, демек, оны оқытудың да негізгі мақсаты – өзара түсінісу мен қарым-қатынас жасау. Осы себепті лингвоелтану коммуникативтік-елтанымдық әдіспен тығыз байланыста қарастырылады», – деп, тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсетеді (Верецагин, 1976).

Лингвоелтанымдық бірлік – тіл мен этностың мәдени құндылықтарын, дәстүрін, дүниетанымын бейнелейтін ерекше тілдік бірлік. Қазақ тіліндегі осындай бірліктер халықтың ұлттық болмысын, салт-дәстүрі мен құндылықтарын айқын көрсетеді.

Лингвоелтанымдық бағытта тілді оқытудағы басты нәтиже – меңгерілетін тілдің ұлттық-мәдени семантикасы туралы білім қалыптастыру. Бұл, ең алдымен, тіл үйренушінің тілдік бірліктер арқылы ұлттық менталитеттің көріністерін танып, олардың мәдени астарын түсінуіне жағдай жасайды. Демек, сөздердің мағынасын меңгеру тілдік өлшемдермен шектелмей, мәдени-танымдық мазмұнды да қамтиды. Бұл туралы З.Н. Жұматаева тіл үйретуде лингвоелтанымдық бағытты негізгі ұстаным ету арқылы тіл үйренушінің тұлғалық және рухани дамуына жол ашылатынын атап өтіп: «Тілді үйретудің лингвоелтанымдық бағыты басты ұстаным болса, онда тіл үйренуші күзіретті тұлға деңгейінен рухани тілдік қоры бай Абай айтқан «толық адам» деңгейіне де көтерілу мүмкіндігі бар», – деп жазады (Жұматаева, 2007: 123).

А. Әмірбекова лингвоелтанымдық бағыттың негізгі мақсаты – мәдени константаларды екі немесе үш тілде өзара салыстыра отырып, ұлттық нышандарын айқындайтын, сол елдің болмыс-бітімін, халықтың мінез-құлқы мен тұрмыстық ерекшеліктерін ажыратып көрсететін тілдік ұғымдар мен белгілерді зерттеу және оқыту деп белгілейді. Демек, бұл бағытта қарастырылатын нысандар белгілі бір елдің немесе ұлттың өзіне тән белгілерін, басқа ұлтта жоқ өзіндік нышандарын көрсете алатын тілдік бірліктер болуы керек. Айталық қазақ тілінде абстрактілі ұғымдарды сипаттау барысында күнделікті өмірде жиі ұшырасатын, халыққа кеңінен танылған нақты образдарға сүйену үрдісі байқалады. Момын, жуас адамды сипаттау үшін «қой аузынан шөп алмас» деген фразеологиялық тіркес қолданылады. Бұл тіркес қой жануарына тән жуастық қасиетке негізделген ұлттық танымның көрінісі. Өзге халықтарда момындық мұндай бейнемен байланыстырылмауы мүмкін, өйткені олар қойдың мінез-құлқын тұрмыс-тіршілікте ерекше сипатқа ие деп қабылдамаған. Осы тәрізді фразеологизмдерді өзге ұлт өкілдеріне түсіндіру кезінде лингвоелтанымдық оқытудың әдіс-тәсілдері қолданылады. Бұл әдіс арқылы белгілі бір ұғымның ұлттық мәдениетпен байланысы ашылып, тілдік бірліктің мағынасы этномәдени негізде түсіндірілетінін ашып жазады (Әмірбекова, 2011: 42).

Тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру тек тілдік нормаларды меңгерумен қатар, олардың әлеуметтік орта мен өмір шындығына қатысты білімге деген сұранысымен ұштасып жатады. Қазақ халқының тарихи, мәдени және қоғамдық-саяси ерекшеліктерін жүйелі түрде меңгеру арқылы тіл үйренушілер өз елінің және өзге мемлекеттердің ұлттық-мәдени болмысын салыстыра отырып, интермәдениетаралық танымын кеңейтеді. Осыған орай, қазақ тілін меңгерту үдерісінде тіл үйренушінің елтанымдық білімін қалыптастыру – оқытудың негізгі ғылыми-әдістемелік ұстанымдарының бірі ретінде айқындалады.

Қазақ тіліндегі лингвоелтанымдық бірліктерді жүйелеп, олардың мәдени-танымдық мазмұнын ашу арқылы тіл мен мәдениетті қатар меңгерту – қазіргі тіл үйретудің маңызды ғылыми-әдістемелік ұстанымдарының бірі. Сонымен қатар бұл бағытта ұсынылып отырған мәдени-репрезентативті ішкорпус (https://qazcorpus.kz/_madeni-reprezentativti-ishkorpus) ұлттық мәдени мұраларды цифрлық кеңістікте сақтау және заманауи форматта ұсыну ісінде өзектілікке ие. Зерттеудің басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық болмысын, тұрмыс-салтын, салт-дәстүрлері мен дүниетанымын бейнелейтін лингвоелтанымдық бірліктерді жүйелеп, оларды мәдени-танымдық мазмұны негізінде сипаттау және сол негізде шетелдік аудиторияға қолжетімді болатындай лингвоелтанымдық сөздік ұсыну.

Материал және әдістер

Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі лингвоелтанымдық бірліктер алынды. Бұл бірліктерді іріктеу және сипаттау барысында қазақ халқының дүниетанымын, тұрмыс-салтын, салт-дәстүрі мен мәдени кодтарын бейнелейтін тілдік бірліктерге баса назар аударылды. Мақалада қолданылған материалдар лингвистикалық және этнографиялық еңбектерден, сондай-ақ көркем әдебиеттен алынған тілдік деректерге негізделді.

Лингвоелтанымдық бірліктерді жүйелеу барысында тақырыптық топтастыру, семантикалық талдау, компоненттік талдау және интерпретациялық әдістер қолданылды. Тақырыптық топтастыру әдісі арқылы бірліктер (мысалы, туыстық атаулар, тағам атаулары, киім атаулары, тарихи оқиғалар т.б.) жүйеленіп қарастырылды. Компоненттік талдау әдісі бірліктердің ішкі құрылымын, яғни мағына құраушы негізгі элементтерін анықтауға бағытталды. Этномәдени мазмұн мен танымдық мағына интерпретациялық әдіс арқылы анықталса, мәдени символиканы, ұлттық ерекшеліктерді және дәстүрлі дүниетанымды танытатын жасырын мағыналарды саралауда құрылымдық-семантикалық әдістер басшылыққа алынды.

Әдебиетке шолу

Мақалада қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне қатысты лингвоелтанымдық бірліктер зерттеледі. Зерттеуді тіл мен мәдениеттің өзара байланысын қарастыратын лингвоелтанымдық бағыттағы еңбектер құрайды. Лингвоелтану мәселелері алғаш рет Е.Верещагин мен В.Костомаров еңбектерінде кеңінен сипатталып, тіл үйрету барысында ұлттық-мәдени мазмұнды меңгертудің маңыздылығы негізделген. Авторлар лингвоелтанымдық бірліктерді оқыту-дидактикалық мақсатта пайдалану қажеттілігін, яғни, тіл үйрену процесінде тек грамматикалық құрылымдарды емес, мәдени-танымдық мазмұнды да қатар игеруді ұсынады (Щерба, 2004: 432; Виноградов, 1980: 359).

Тіл мен мәдениет арақатынасы мәселесі Б. Уорф пен Э. Сепирдің гипотезаларымен де сабақтас. Э.Сепирдің пайымдауынша, тіл – мәдениеттің кілті, әр ұлттың тілі дүниені өзіндік таным негізінде бейнелейді. Осы тұжырым ұлттық тілдік бейне мен этномәдени бірліктерді тануда маңызды теориялық негіз болды (Sapir, 1951). Лингвоелтанымдық бағытта тілді оқытудың әдіснамалық қырлары З.Н. Жұматаева мен А.Әмірбекованың еңбектерінде де жан-жақты сипатталған. Атап айтқанда, З.Н. Жұматаева лингвоелтанымдық тәсілді тіл үйренушінің тұлғалық және рухани дамуына ықпал ететін негізгі ұстаным ретінде қарастырса, ал А. Әмірбекова ұлттық болмысты сипаттайтын мәдени константаларды тіл арқылы жеткізу жолдарын нақтылайды (Жұматаева, 2007: 123, Әмірбекова, 2011: 42).

Бұдан бөлек лингвоелтанымдық бірліктердің семантикасын мәдени тұрғыдан интерпретациялау, олардың мәдени-семантикалық белгіленімін жасау үлгілері лингвомәдени ішкорпус аясында да кеңінен жүзеге асырылып келеді (Өтебаева, Исаева, Серікқызы, 2023). Сондай-ақ мәдени дүниетаным ұғымын ашуда лингвомәдени бірліктердің рөлі айрықша. Лингвоелтанымдық бірліктердің тілдік репрезентациясы жануар атаулары арқылы да көрінеді: мысалы, қазақ этномәдениетінде «түйе» бейнесі рухани әрі тұрмыстық мәнге ие болса, ағылшын тілдік қоғамда ол көбіне символдық сипатта қолданылады (Talqatqyzy және т.б., 2024).

Лексикография ғылымының теориялық негізін қалаушылардың бірі Л.В. Щерба екі тілді сөздіктердің, әсіресе шет тілін үйренушілерге арналған лексикографиялық еңбектердің құрылымына ерекше назар аударған. Оның пайымдауынша, шет тілін үйренушіге арналған арнайы бағытталған сөздікте сөз мағынасы оқушының ана тілінде қарапайым әрі түсінікті түрде түсіндірілгені жөн, бірақ бұл түсіндіру сөздің нағыз лингвомәдени табиғатын көмескілеп

жібермеуі тиіс. Осы орайда Л.В. Щербаның сөздіктегі түсіндірме ұлттық-мәдени ерекшелікті бұзбай сақтауы керек деген ұстанымы – қазіргі лингвоелтанымдық лексикография үшін де өзекті. Өйткені мұндай сөздіктер тек тілдік мағынаны емес, сол мағына артындағы ұлттық танымды, құндылық жүйесін жеткізуге бағытталған (Щерба, 1974: 265).

Аталған зерттеу еңбектері мақалада қарастырылған лингвоелтанымдық бірліктерді жүйелеу мен олардың семантикасын мәдени-танымдық тұрғыда ашуда талдау және интерпретациялау барысында теориялық-әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Сонымен бірге сөздікке материалдарды жинауға және сөздік мақаланы дайындауға: Ә.Қайдардың 3 томдық этнолингвистикалық сөздігі, Қазақ тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігі, Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, «Жігіттің үш жұрты» атты жинақ кітабы, С.Кенжеахметұлының «Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі» және «Қазақтың салт-дәстүрлері» еңбектері, Н.Ақбайдың «Қазақтың дәстүрлі атаулары», 5 томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедия, Б.Кәмалашұлының «Қазақ халқының туыс-туғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары» атты еңбектері пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Лингвоелтанымдық сөздік – тілдік бірліктерді ұлттық-мәдени мазмұнмен байланыстыра отырып сипаттайтын ерекше лексикографиялық еңбек. Мұндай сөздіктердің басты мақсаты – тілді шет тіл ретінде үйреніп жатқан тұлғаның тілмен қатар сол тілді тұтынушы ұлттың болмысын, дүниетанымын, құндылық жүйесін таныту. Қазіргі лингвистикада бұл коммуникативтік құзыреттілікпен қатар мәдениетаралық құзыреттілікті де қалыптастыруды көздейтін маңызды бағыт саналады. Осы тұрғыда халықаралық деңгейде үлгі боларлық жобалардың бірі – *Пушкин атындағы Ресей мемлекеттік орыс тілі институты әзірлеген «Россия» мультимедиялық лингвоелтанымдық онлайн сөздігі* (<https://ls.pushkininstitute.ru/>). Бұл сөздік құрылымы жағынан күрделі, мазмұны бай әрі мультимедиялық сипатқа бейімделген: ондағы мақалалар аудио, бейне, сурет, карта, деректі мәтіндер және интерактивті тапсырмалармен бірге ұсынылған. Жобаның ауқымы кең – онда орыс мәдениетіне қатысты жиырма шақты тақырып қамтылып, әрбір сөз ұлттық-мәдени контексте түсіндірілген. Аталған онлайн сөздік тіл мен мәдениетті сабақтастыра оқытудың тиімді заманауи үлгісіне жатады. Ал қазақ тілінде әзірленіп отырған жаңа бағыттағы сөздіктің ерекшелігі – мақсатты аудиторияға икемделуі. Қазіргі кезеңде ол дәстүрлі құрылымда ұсынылғанымен, болашақта толықтырылып, кеңейтіліп, онлайн форматқа көшу әлеуеті бар. Бұл – қазақ тілінің лингвоелтанымдық әлеуетін жүйелеудегі алғашқы нақты ғылыми-әдістемелік қадам және іргелі кезең. Салыстырмалы түрде алғанда, орыс тіліндегі сөздік – мультимедиялық, жүйеленген әрі кең ауқымды жоба болса, қазақ тіліндегі сөздік – ықшам, мақсатты және шетелдік аудиторияға бейімделген алғашқы тәжірибе. Екі сөздік те өз міндетін нақты атқарады: біріншісі – тіл мен мәдениетті кешенді меңгертудің үлгісін көрсетсе, екіншісі – ұлттық тілдік-мәдени мазмұнды сұрыпталған әрі қолжетімді түрде ұсынатын жаңа бастама болып қалыптасып отыр. Қазақ ұлтына ғана тән, өзге ұлттарда кездеспейтін өзіндік нышандар мен белгілерді айқындайтын тілдік бірліктер қарастырылды. Сонымен қатар лингвоелтанымдық бірліктердің ұлттанытушылық элементтері жүйеленіп, төмендегідей топтарға жіктелді:

- *Қазақ отбасына қатысты бірліктер.* Қазақ қоғамында отбасы – ең негізгі институт. Отбасы мүшелерін атау мен оларға қатысты сөздер терең мағынаға ие. Мысалы, «әже» сөзі тек қана үлкен апа емес, мейірімділік пен даналықтың символы. «Ата» – ұрпақтың бастауы, ел қазынасы. «Келін» – тек әйелдің рөлі емес, жаңа отбасыға қосылған құрметті адам. «Аға» сөзі қазақ мәдениетінде тек туған бауыр ғана емес, сондай-ақ үлкенге деген құрмет пен жақындықты білдіретін кең мағыналы лингвоелтанымдық бірлік. Мәдени семантика тұрғысынан бұл сөз үлкенді сыйлау, әлеуметтік мәртебе мен жауапкершілікті көрсету символы ретінде қызмет атқарады. Қазақ қоғамында «аға» атауы жасы үлкен, тәжірибелі, сенімді адамға қатысты қолданылады. Сонымен бірге «аға» сөзі туыстық шеңберінен тыс жерде де жақын достар мен таныстар арасында құрмет пен бауырмалдықтың белгісі ретінде қолданылады. Осылайша, «аға» сөзі қазақ этникалық менталитетінде үлкенге деген сыйластық пен қоғамдық қатынастардағы сенімділік пен жақындастықты білдіретін мәдени символға айналған. «Ана» сөзі қазақ мәдениетінде тек биологиялық түсінікте ғана емес, сонымен қатар кең мәдени-символикалық

мәнге ие. Қазақ этникалық менталитетінде «ана» – отбасының рухани орталығы, отбасының тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуші. Бұл сөз үлкен құрметпен айтылады және анаға деген адалдық, шексіз махаббат қазақтың көптеген салт-дәстүрлері мен наным-сенімінде көрініс табады. Сонымен қатар «ана» ұғымы қоғамдағы әйел рөлін, оның отбасындағы және қоғамдағы жауапкершілігін білдіреді. Осылайша, «ана» сөзі – қазақ мәдениетіндегі сүйіспеншілік пен құрметтің, өмірлік сабақ пен тәрбиенің кешенді символы.

Сөздікке жігіттің өз жұртына байланысты *аға, ағайын, ана, ана, ата, әке, әпке, бала, бауыр, жар, жеңге, көке, қарындас* және т.б. атаулардың мәдени-семантикалық мағынасы берілді. Туыстыққа қатысты атауларды қолдануда кейбір аймақтық ерекшеліктер кездесетіні түсіндірілді. Құдандалыққа, қайынжұртына байланысты *бажа, балдыз, келін, келіншек, күйеу, қайың, қайын ата, қайын ана, қайын ене, қайын жұрт, қайын іні, құда, бас құда, құда бала, құдағи* және т.б. атаулар қамтылып, кейбіреулерінің әртүрлі еңбектерде әртүрлі түсіндіріліп жүргендері бір жүйеге түсіріліп, нақтыланды, ара-тұра аймақтық қолданыс ерекшеліктеріне сипаттама берілді.

• *Қазақ этикасына қатысты бірліктер.* Қазақ этикасы – қоғамдағы қарым-қатынас ережелері мен моральдық-әдептік нормаларының жиынтығы. Қазақ мәдениетінде этикалық қатынас ерекше маңызға ие. *Қазақ этикасына* қатысты 40 шақты тілдік бірлік мынадай тақырыптық топқа біріктірілді: *сәлемдесу/амандасу этикеті, танысу әдебі, таныстыру әдебі, қаратпалар, жөн сұрау әдебі, қонаққа шақыру әдебі, қонаққа бару әдебі, әңгімелесу әдебі, қоштасу этикеті.* Шетел азаматына қазақ этикетіне қатысты тоғыз тақырыптық топтың әрқайсысының ауқымын көрсететін тілдік бірліктерге анықтама берілді. Мысалы, *Ассалаумағалейкүм!* Көбіне ер адамдардың амандық сұрасуы, құрмет көрсете сәлемдесуі. Жасы кіші адам жасы үлкен адамға «ассалаумағалейкүм» деп қолын береді, жасы үлкені «уағалейкүмассалам» деп қолын алады. Ал көпшілік жерде сырттан келген адам «ассаламуағалейкүм» деп қолын жүрек тұсына қойып, басын иіп, жалпыға сәлем береді. *Сәлеметсіз бе?/Сәлемет пе?* Қазақ тіліндегі сыпайы әрі ресми сәлемдесу формаларының бірі. Сәлемдесудің бұл түрі қазіргі қазақ қоғамында көп қолданылады. Көбіне бір-бірін танымайтын, жақындығы жоқ адамдар бір-бірімен амандасқанда, ресми орталарда (ұстаз бен шәкірт, дәрігер мен сырқат, дүкенші мен тұтынушы, әріптестер) жиі қолданылады. Сондай-ақ кей сөздердің өңірлік ерекшеліктері көрсетілді. Мысалы, *ана, апай, тәте сөздері* – көпшілік жағдайда бейресми ортада жасы сөйлеушіден үлкен бейтаныс әйел адамға қарата айтылатын қаратпа. Қазақстанның батыс өңірінде бейресми орталарда *ана*, шығысында *апай*, оңтүстігінде *әпше, әпкей, тәте* деп айту қалыптасқан. *Жеңге, жеңеше, жеңгей* – ағаның, жасы үлкен туыстардың әйелі. Дәстүрлі қазақ қоғамында жасы үлкен әйел адамға танымаса да «жеңге, жеңеше, жеңгей» деп сөйлеу қалыптасқан. Өйткені қазақ бір-бірін туыс, бауыр, жақын санаған. Ал жеңгелерінің ішінде өзіне жақын көретін жеңгесін «ақ жеңгем, ақ жеңешем» деп, ерекшелеп айтатын болған. Қазақстанның батыс өңірінде бейресми орталарда *жіше, оңтүстігінде жеше* деп айту қалыптасқан.

• *Дастарқан мәдениетіне қатысты бірліктер.* Дастарқан мәдениеті – қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпына негізделген, тағамды ұсыну, оны жеу, қонақ күту және ортақ тамақтану рәсімдерінің жиынтығы. Бұл мәдениет қазақ қоғамындағы қонақжайлылықты, сыйластықты, отбасы мен қауым арасындағы татулық пен ынтымақтастықты білдіреді. *Дастарқан мәдениетіне, дастарқан әдебіне, өлім-жітім, қайғы қасіретте жайылатын дастарқан, мерекелік іс-шараларда берілетін ас-дәм түрлеріне* қатысты тілдік бірліктер жинақталды және олардың мәдени-танымдық мағынасы берілді. *Қолға су құю* – дастарқан және қонақ күту мәдениетіндегі дәстүрлі ғұрып. Қонақ келгенде немесе ас алдында үйдің кішісі қонақтың қолына арнайы құманмен су құйып, тазалық жасауға мүмкіндік береді. Бұл рәсім – қонаққа құрмет көрсетудің белгісі. Қолына су құйған балаға немесе жасқа қонақ ризашылығын білдіріп, «Көп жаса», «Судай тұнық бол», «Ғұмырлы бол», «Таудай азамат бол» сияқты алғыс пен ақ бата береді. *Дастарқан басына отыру реті* – әр адамның жасына, әлеуметтік мәртебесіне және отбасындағы орнына қарай дастарқан басында арнайы белгіленетін отыру тәртібі. Ежелгі дәстүр бойынша, ең сыйлы, жасы үлкен адам үйдің төріне, яғни есіктің қарама-қарсы жоғарғы жағына отырғызылады. *Төрге отырғызу* – қазақ халқының дәстүрлі қонақжайлылық мәдениетінде ерекше сый-құрмет белгісі ретінде танылатын ғұрып. Қонақ келген кезде үй иесі оны «төрлетіңіз», «төрге шығыңыз» деп қарсы алады, көрпе төсеп, жастық қойып, төрге отырғызып құрмет көрсетеді. *Дастарқан жасу*


– қазақы ортада дастарқан жаю, әдетте, арнайы қонақ шақыру жосынына байланысты атқарылатын үрдіс. Яғни, ас-тағамды дайындаудан бастап, қонақ шақыру дәстүрін білдіретін ауқымды ұғым. *Ас ұсыну* – қазақ дастарқанындағы сыйластық әдептерінің үлкені, бір-біріне ас ұсыну рәсімі. Ол – ет асату, бас тарту, құлақ ұсыну, таңдай ұсыну, қымыз ұсыну, жілік ұсыну, ет ұсыну. Бұл қазақтың есте жоқ ескі замандардан жалғасып келе жатқан сыйластық мәдениеті мен әдемі әдебіне жатады. *Құлақ беру* – қойдың құлағын балаларға беру рәсімі. Ол «тіл алғыш, сөзге құлақ асқыш болсын», «сақ құлақ, алғыр болсын», «есті жігіт болсын» деген ырыммен беріледі. Дастарқан мәдениетінде бір бастың екі құлағын бір балаға бермейді. Себебі, екі құлақты бірдей жеген баланың бір құлағынан кірген сөз екінші құлағынан шығып кетеді, тіл алмайды, ақпа құлақ болады деген сенім бар. *Көз жегізу* – қойдың көзін балаға немесе құрметті адамға ұсыну ғұрпы. «Көзің ашық болсын, көреген, зерек бол!» деген тілекпен жасалады. Қойдың екі көзін бір адамға ғана береді, себебі бұл ерекше символдық мәні бар ырым.

• *Ұлттық киімдерге қатысты бірліктер.* Киім тұрмыстық қажеттілікті өтеумен шектелмей, адамның жас ерекшелігін, әлеуметтік мәртебесін, этникалық және аймақтық ерекшелігін білдіретін этномәдени маркер ретінде де қызмет атқарады. Әр киімнің өзіндік символдық мәні болды, мысалы, «шапан» – мәртебенің белгісі, «бөрік» – ерлік пен намыстың көрінісі. *Орамал – әртүрлі матадан шаршы, үшбұрыш етіп тігілген, әйел, қыз бала басына тартатын жаулық. Келіннің орамал тағуы* – жас келіннің тәрбиесі мен әдептілігінің белгісі. Орамалдың ғұрыптық мәні зор. *Ақ түсті* орамал қуанышты, жақсылықты аңғартса, *қара орамал* қайғы-қасіретті білдірген. Күйеуі қайтыс болғанда жиналған әйелдер марқұмның әйелі мен қызының басына *қара орамал* салған. Осыған орай қазақ халқында «*Орамал тонға жарамаса да, жолға жарайды*», «*Орамал тон болмайды, жол болады*», «*Жақсы кісінің ашуы жібек орамал кепкенше*, деген орамды сөз қалыптасқан. *Шапан – астарына жүн не мақта салынып, сырты бағалы матамен қапталған, іші астарланған сырт киім. Адамға шапан кигізу, иығына шапан жабу* – үлкен құрметтің символы. Қазақы шапандардың пошымы мен пішімінде аймақтық ерекшеліктерге байланысты бірқатар өзгешеліктер бар. Атап айтқанда, Жетісу мен Оңтүстік өңірлерінің шапандарының етек-жеңдері ұзын келіп, әшекейлі болады. Ал Сыр өңірі мен Батыс аймақтардың шапандары кең, жеңдері де ұзын келген қайырма жағалы болады. Орталық пен Шығыс өңір шапандарының басты ерекшелігі етек-жеңдері кең әрі ұзын келіп, жағалары қысқа болады. *Ішік – теріден тігіліп, тысталған қыстық сырт киім түрі.* Қазақтың әдет-ғұрпында ішіктің алатын өзіндік орны бар. Мысалы, *қасқыр ішікті* жиырма беске толмаған жастарға киюге болмайды, себебі жастық жалыны мен тері қызуы жігіттің күшін қайтарады немесе ауруға ұшыратады. Сондықтан қасқыр ішікті қырық жастан асқан ер азаматтарға ғана киюге рұқсат етілген. Тон бағалы киім болғандықтан: «*Ел ағасыз болмас, тон жағасыз болмас*», «*Таныған жерде бой сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы*», «*Орамал тон болмайды, жол болады*» сынды тонға байланысты мақал-мәтел түрлері көп.

• *Туған жер ұғымына қатысты бірліктер.* Туған жер – лингвоелтанымдық бағыттың негізі объектілерінің бірі. Аталған ұғым жалпы атау болғанымен, зерттеу аясында оны жүйелі түрде талдау мақсатында екі негізгі тармаққа бөліп қарастырылды. Оның алғашқысы – киелі және әулиелі жерлер ұғымы, екінші тармақ – туристік нысандар мен табиғи-географиялық мекендер. Зерттеу барысында Қазақстан аумағынан 10-нан астам киелі орын мен 38-ге жуық туристік нысан іріктеліп алынды. Әрбір нысан бойынша оның атауының аталу сипаты, мәдени, табиғи тұрғыдағы ерекшелігі, танымал болу себептері мен сол жер атауына байланысты қазақ халқының санасында қалыптасқан тұрақты тіркестер, аңыз-әңгімелер мен қанатты сөздер жүйелі түрде сараланды. Бұл мәліметтер жер атауларының лингвоелтанымдық сипатын ашуға және ұлттық дүниетаныммен сабақтастығын анықтауға негіз болды. Мәселен, *Түркістан* – Қазақстанның оңтүстігінде, Ұлы Жібек жолының бойында, Қаратау мен Сырдария өзендерінің ортасында орналасқан ежелгі қала. Түркістан – көне заманда *Шаугар* деп аталған. Ол ғасырлар бойы түркі халықтарының мәдени, діни және саяси орталығы болып келген. Қазіргі таңда Түркістан қаласында шамамен 200 мыңға жуық адам тұрады. Түркі халықтарының ортақ құндылықтары мен мұрасы осы қаланың төрінен орын тапқан. 2021 жылы *Түркістан ТҮРКСОЙ* ұйымы тарапынан «*Түркі әлемінің мәдени астанасы*» деп жарияланды. Орта Азиядағы ислам архитектурасының інжу-маржаны саналатын әлемге әйгілі *Қожа Ахмет Ясауи кесенесі* орналасқан. Кесененің асқақ күмбездері мен нәзік

оюлары ғасырлар бойы сақталып, туристерге ежелгі дәуірлердің ізі қалған көне қала ретінде танымал. *Алтын самұрық* – Түркістан қаласында орналасқан мифологиялық сипатта бой көтерген ойын-сауық орталығы. Бұл алып құс бейнесіндегі өнер туындысы – еркіндік пен берекенің, күш пен батырлықтың көрінісі. Ғимараттың сәулеті де өзгеше: жұмыртқа пішіндес құрылымның маңдай тұсында алтын түстес қыран бейнеленген. Бұл символ ел рухының асқақ көрінісін білдіреді. Осында келушілердің басты назарын аударатын ерекшелік – 8D театр. Театр – заманауи сипаттағы, ТМД елдері бойынша баламасы жоқ нысан. Келушілер 8D технологиясының мүмкіндіктерімен еліміздің ең көрікті аймақтарының үстінен «ұшып өтетін» әсерлі виртуалды саяхатқа аттанады. Ұшатын театр Түркістанға келген әрбір турист естен кетпес әсер алатын мәдени кеңістікке айналды. Бүгінде ол бар назарды аударатын, тіпті, арнайы келетін қала орталығындағы басты алаң ретінде танымал. *Айқайқұм (Әниі құм)* – Алматы облысындағы «Алтынемел» ұлттық паркінде орналасқан ерекше табиғи нысан. Ұзындығы шамамен 3 км, биіктігі 150 м құмды жота. Жергілікті аңызға сәйкес, мұнда Шыңғыс ханның қазынасы жасырылған делінеді. Құм төбенің «ән салуы» – екі жақтан соққан желдің әсерінен төменгі қабаттағы құм қозғалысқа түсіп, сырнай үніне ұқсас әуен шығаруымен байланысты. Дыбыс кейде ұшақтың гүріліндей күшті гуілге айналады. Бұл құбылыс әсіресе кешкі немесе түнгі салқын желде айқын естіледі. Халық сенімі бойынша, төбенің шыңына шыққан адамға бақыт пен бақ қонады. Туристерді бұл мекеннің тылсым табиғаты, күн батардағы құм әуені және түнгі аспан көрінісі ерекше баурайды.

Лингвоелтанымдық бірліктерді ұсыну үлгісі ретіндегі табиғи-географиялық нысандар жөніндегі ақпарат қысқа мәтін, иллюстрациялық сурет және қосымша мультимедиялық элементтер (бейнеролик, карта, QR-код) арқылы беріледі. Мәселен, Алматы облысындағы Қайыңды көліне қатысты мәлімет осылай ұсынылады: көлдің орналасуы, тарихы, ерекше табиғи сипаты мен туристік әлеуеті сипатталып, суретпен және QR-кодпен толықтырылады. Бұл тәсіл ақпараттың мазмұндылығын арттырып қана қоймай, пайдаланушыға ұлттық-мәдени нысанды көпқырлы тұрғыдан танып-білуге мүмкіндік береді. Сөздікте әрбір нысан атауының тарихи, мәдени және танымдық мазмұны ықшам анықтама түрінде беріліп, иллюстрациямен толықтырылады. Мысалы, Қайыңды көліне қатысты сөздік мақаланың үлгісі (Сурет 1). Бұл үлгі лингвоелтанымдық сөздіктің құрылымдық ерекшелігін, яғни тілдік дерек пен мәдени ақпараттың ықшам әрі көрнекі ұсыну тәсілін айғақтайды.



Сурет 1 – Қайыңды көліне қатысты сөздік мақаланың үлгісі

Рисунок 1 – Образец словарной статьи об озере Кайыңды

Figure 1 – Model Lexicographic Entry for Lake Kaindy

• *Тарихи оқиғаларға қатысты бірліктер.* Қазақ халықтың тарихи өткенін, маңызды оқиғаларын, сонымен қатар сол оқиғалармен байланысты мәдени құндылықтары мен ұлттық санасын білдіретін тілдік бірліктер. Мұндай бірліктер тарихи оқиғалардың маңыздылығын, олардың ұлттың болмыс-бітімі мен мәдени ерекшеліктерін қалай қалыптастырғанын көрсетеді.

Мысалы, қазақ тілінде «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», «Ұлы Жібек Жолы», «Қазақ хандығы», «Желтоқсан оқиғасы» сияқты атаулар тарихи оқиғаларға қатысты лингвоелтанымдық бірліктерге жатады. Олар тек тарихи фактілерді білдіріп қана қоймай, сол оқиғалардың халық санасындағы рөлін, олардың рухани және мәдени маңызын да жеткізеді. *Қазақ хандығы* – 1465 жылы құрылған мемлекет, қазақ халқының тәуелсіздігін сақтауға бағытталған саяси құрылым. Бұл атау қазақ халқының тарихындағы маңызды кезеңдермен байланысты. Қазақ хандығының құрылуы қазақ мәдениетінің қалыптасуына негіз болды. Қазақ хандығы кезеңінде музыка, би, қолөнер және әдебиет дамыды. Осы уақыттағы ұлттық қолөнер мен өрнек түрлері қазақ халқының мәдени байлығын айшықтады. Қазақтың күй өнері, дәстүрлі әндері мен жырлары сол кезеңнен бастап дамып, қазіргі заманға дейін сақталып келеді. *Тәуелсіздік күні* – 1991 жылдың 16 желтоқсаны, Қазақстанның Тәуелсіздік алған күні. Бұл тарихи оқиға қазақ халқының мәдениетін жаңғыртып, ұлттық ұстанымдары мен болашағын айқындауда маңызды кезең болды. Тәуелсіздік жылдарында қазақ мәдениетінің қайта жаңғыруы байқалды: ұлттық театр, кино, музыка, және басқа да өнер салаларында жаңа тыныс пайда болды. Қазақ тілінің мәртебесі көтеріліп, ұлттық дәстүрлер мен рухани мұралар қайта жанданды.

• *Танымал тұлғаларға қатысты лингвоелтанымдық бірліктер.* Халықтың ұлттық болмысы мен мәдени келбетін танытатын лингвоелтанымдық бірліктердің келесі бір арнасы – ел тарихында, ғылымында, өнерінде, саяси-әлеуметтік өмірінде өзіндік із қалдырып жүрген танымал тұлғалар. Сөздіктің мазмұнына қазіргі Қазақстан қоғамының рухани және мәдени келбетін айқындайтын, елдің халықаралық деңгейдегі имиджін қалыптастыруға үлес қосып жүрген танымал тұлғалар енгізілді. Бұл бағыттағы мақсат – белгілі қоғам қайраткерлері, өнер және спорт жұлдыздары, ғылым мен техника саласында танылған азаматтар арқылы ұлт мәдениетін, құндылықтарын және ұлттық сананың заманауи көріністерін тіл арқылы таныту.

Атап айтқанда, Қазақстанның әлемдік сахнада беделін арттырып жүрген әнші Димаш Құдайберген, кәсіби боксшы Геннадий Головкин және ғарышкер Айдын Айымбетов сынды тұлғаларға байланысты лингвоелтанымдық бірліктер жинақталып, олардың тілдік репрезентациясы мен ұлт бейнесін қалыптастырудағы рөлі сипатталды. Халықтың осы тұлғаларға деген көзқарасын, ұлттық мақтаныш сезімін және мәдени санасын айқындайтын маңызды тілдік деректер берілді. Мысалы, әлемге *Димаш* атымен танылған *Дінмұхаммед Қанатұлы Құдайберген* – қазақ өнерінің жаһандық брендіне айналған әнші, композитор.

Димаш Құдайберген – сирек кездесетін 6 октавалы дауыс иесі, оның диапазоны бас регистрінен бастап колоратуралық сопрано мен ысқырық регистріндегі ең жоғары ноталарға дейін жетеді. Димаш есімі халықаралық медиа кеңістігін қамти отыра белсенді тілдік қолданысқа енген. «*Әлемді тамсандырған дауыс*» деп БАҚ беттеріне жазылып, әлемнің түкпір-түкпіріне тарады. Димашты, оның өнерін сүйетін жанкүйер қауым оны «*Қазақтың бұлбұлы*» деп атап, ұлт мақтанышына балайды. Димаштың атымен байланысты сөз тіркестері ел абыройы, рухани мотивация, мәдени биіктік ұғымдарын білдіреді. Бұл тілдік бірліктер тек сипаттамалық емес, бағалаушылық реңкке ие. Сонымен қатар әлеуметтік желіде Димаш жанкүйерлерінің «dears» деген атауы қалыптасып, ол да қазіргі таңда тілдік жүйеде тұрақты қолданыс аясында.

Қорытынды

Лингвоелтанымдық сөздік құрастыру барысында бірінші кезекте жүйелеу, топтастыру тәсілдері жүргізілді. Жүйелеу, топтастыру әдісінің нәтижесінде сөздіктің құрылымы мен тақырыптық топтар анықталды. Ал екінші кезекте тілдік бірліктердің артындағы мәдени-рухани мағынасын түсіндіру мақсатында интерпретациялық әдіс қолданылса, сөздің құрылымы (формасы) мен мағынасы (семантикасы) арасындағы өзара байланысын зерттеуге бағытталған құрылымдық-семантикалық әдіс жүргізілді. Бұл лингвоелтанымдық сөздік шетел азаматтарына қазақ тілін оқыту үдерісінде, аударма ісінде және туристік бағыттағы мәдени-танымдық коммуникацияда тиімді қолданылатын қолданбалы лексикографиялық ресурс болып табылады.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі лингвоелтанымдық бірліктердің мәдени-

танымдық мазмұны мен ұлттық ерекшеліктерді бейнелеу әлеуеті жан-жақты айқындалды. Лексикалық бірліктерді тақырыптық топтарға бөліп қарастыру олардың әрқайсысының ұлт дүниетанымындағы орны мен қызметін тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Атап айтқанда, *отбасы мен туыстық атаулар* ұлттық менталитеттің өзегін, үлкенге құрмет пен туыстық байланыстардың маңызын ашса, этикетке қатысты бірліктер – қазақ қоғамындағы қарым-қатынас мәдениеті мен моральдық құндылықтардың көрінісін танытады. Дастарқан мәдениеті – халықтың қонақжайлылығы мен сыйластыққа негізделген қарым-қатынас үлгісін бейнелейтін тілдік өрнектер жүйесі ретінде танылды. *Ұлттық киім атаулары* – адамның әлеуметтік мәртебесі, жасы, жынысы мен аймақтық ерекшеліктерін білдіретін маңызды этномаркерлер ретінде сипатталды.

Сондай-ақ *туған жерге* қатысты бірліктер ұлттық тарихи жадымен, киелі кеңістік ұғымымен тығыз байланыста қарастырылып, мәдени-географиялық идентификация құралы ретінде анықталды. *Тарихи оқиғаларға* қатысты тұрақты тіркестер мен атаулар халықтың тарихи жады, рухани төзімділік пен ұлттық сана деңгейін сипаттайтын лингвомәдени құндылықтар ретінде жіктелді.

Танымал тұлғаларға қатысты лингвоелтанымдық бірліктер заманауи ұлттық бейненің қалыптасуына, елдің халықаралық аренадағы беделінің артуына ықпал ететін тілдік және мәдени репрезентациялар ретінде бағаланды. Ұлттың мәдени коды мен заманауи дүниетанымы танытылып, олардың есімімен байланысты сөз тіркестері ұлттық мақтаныш пен рухани мотивация ұғымдарын білдіретін бағалаушылық бірліктер ретінде сипатталды.

Зерттеу нәтижесінде іріктелген тілдік материалдар негізінде құрастырылатын лингвоелтанымдық сөздік қазақ тіліндегі елтанымдық тілдік бірліктердің ұлттық мәдениетті танытудағы әлеуетін арттырып, оларды тіл үйрену процесінде қазақ мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін тіл арқылы таныстыруға бағытталған, тіл үйренуші, тіл танушы шетелдік аудиторияға арналған инновациялық-әдістемелік құрал ретінде қарастырылады. Аталған сөздік шет тілінде білім алушылардың қазақ тілі мен мәдениетіне деген танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың қатысымдық және мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыруға да елеулі үлес қосады.

Сонымен қатар бұл елтанымдық сөздік – тек шетелдік тіл үйренушілер үшін лексикалық және мәдени-танымдық құрал ғана емес, сонымен қатар қазақ тілінің мазмұндық әлеуетін арттыруға бағытталған, Қазақ тілінің ұлттық корпусына енгізілетін ғылыми-әдістемелік ресурс. Ол Корпус дерекқорын мазмұндық тұрғыда байытады. Тілдік бірліктердің қолданылу аясын тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, мәдениетаралық коммуникация тұрғысынан да жүйелеуге мүмкіндік береді. Сөздік шетелдік аудиторияның қажеттілігіне сай құрылып, тілді практикалық тұрғыдан меңгеруге бағытталған. Берілген сөздер мен сөз тіркестері нақты контексте, мысалдармен, иллюстрациялармен, мәдени түсіндірмелермен беріледі. Бұл – тілдік бірліктердің функционалдық сипатын арттырады әрі корпусының мәдени бағытына сай келеді. Сондай-ақ шетелдік зерттеушілер мен оқытушылар үшін қазақ тілінің мәдени-танымдық негіздерімен жұмыс істеу анағұрлым жеңілдей түседі. Болашақта осы бағыттың жүйеленуі тіл мен мәдениет сабақтастығын сақтай отырып, білім алушылардың танымдық сұранысына толық жауап бере алады.

Әдебиеттер

- Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – Алматы: Елтаным, 2011. – 142 б.
- Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Языки и культуры: Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного. – Москва: Русский язык, 1973. – 135 с.
- Верещагин Е.М. Язык и культура. – Москва: Русский язык, 1976. – 248 с.
- Виноградов В.В. О языке художественной прозы. Избранные Труды. – Москва: Наука, 1980. – 359 с.
- Жұматаева З.Н. Қазақ тілін түркітілді студенттерге лингвоелтаным бағытында оқыту әдістемесі: пед. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2007. – 123 б.
- Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
- Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы: Алматыкітап, 2011. – 384 б.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. (Т 1. Адам. Алматы, 2009; Т. 2. Қоғам, Т. 3. Табиғат). – Алматы: Сардар, 2013.

- Өтебаева Э.Ә., Исаева Г.С., Серікқызы М. Лингвомәдени ішкорпусты әзірлеудегі мәдени-семантикалық белгіленім // Tiltany. – 2023. – №3. – 135-143-66. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>
- Щерба Л.В. О трех лексикографических работах // Языковая система и речевая деятельность. – Ленинград: Наука, 1974. – С. 265-274.
- Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Москва: Едиториал УРСС, 2004. – 432 с. <https://ls.pushkininstitute.ru/lsslovar/?title=%D0%A2%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%87%D>
- Sapir, E. The status of Linguistics as a science. / Collected Writings. / Ed. By D. Mandelbaum. – Berkly: University of California Press, 1951.
- Talqatqyzy, G., Amirbekova, A., Fazylyzhanova, A., Gabitkhanuly, K., Issayeva, G. Exploring the Semantic Significance ‘Camel’ and Cultural Representation in the Kazakh Ethnic Worldview as Reflected in the National Corpus. Forum for Linguistic Studies, 6(4), 2024. P. 268-276. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>.

References

- Amirbekova, A. (2011) Qazirgi qazaq til bilimindegi zhanga bagyttar. Almaty: Eltanym baspasy. 142 b. [Amirbekova, A. (2011) New Directions in modern Kazakh linguistics. Almaty: Eltanym publishing house. 142 p.] (in Kazakh)
- Kenzheahmetuly, S. (1998) Ulttyq adet-guryptyng beimalim 220 turi. Almaty: Sanat. 248 b. [Kenzheahmetuly, S. (1998) 220 unknown types of national customs. Almaty: Sanat. 248 p.] (in Kazakh)
- Otebaeva, Je.A., Isaeva, G.S., Serikqyzy, M. (2023) Lingvomadeni ishkorpusty azirleudegi madeni-semanticalyq belgilenim. Tiltany. (3), 135-143. [Otebayeva, E.A., Issayeva, G.S., Serikqyzy, M. (2023) Cultural and semantic in the development of Linguocultural subcorpus. Tiltany. No.3. P. 135-143. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-3-135-143>.] (in Kazakh)
- Qazaq halqynyng ulttyq kiimderi. (2011) Almaty: Almatykitap baspasy. 384 b. [National costumes of the Kazakh people. (2011) Almaty: Almatykitap publ. house. 384 p.] (in Kazakh)
- Qaidar, A. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde: jetnolingvistikalıyq sozdik (T 1. Adam. Almaty, 2009; T. 2. Qogam, T. 3. Tabigat. Almaty: Sardar. [Qaidar, A. (2013) Kazakhs in the world of native language: ethnolinguistic dictionary (T. 1. Human. Almaty, 2009; Vol. 2. Society, Vol. 3. Nature. Almaty: Sardar.) (in Kazakh)
- Sapir, E. (1951) The status of Linguistics as a science. / Collected Writings. / Ed. By D. Mandelbaum. – Berkly: University of California Press. (in English)
- Shherba, L.V. (1974) O trjoh leksikograficheskikh rabotah. V kn.: Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel'nost'. Leningrad: Nauka. S. 265-274. [Shcherba, L.V. (1974) On three lexicographical works. In: The language system and speech activity. Leningrad: Nauka. P. 265-274.] (in Russian)
- Shherba, L.V. (2004) Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel'nost'. Moskva: Editorial URSS. 432 s. [Shcherba L.V. (2004) Language system and speech activity. Moscow: Editorial URSS. 432 p.] (in Russian)
- Talqatqyzy, G., Amirbekova, A., Fazylyzhanova, A., Gabitkhanuly, K., Issayeva, G. (2024) Exploring the Semantic Significance ‘Camel’ and Cultural Representation in the Kazakh Ethnic Worldview as Reflected in the National Corpus. Forum for Linguistic Studies, 6(4). P. 268-276. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i4.6986>. (in English)
- Vereshhagin, E.M., Kostomarov, V.G. (1973) Jazyki i kul'tury: Lingostranovedenie v prepodavanii russkogo jazyka kak inostrannogo. Moskva: Russkij jazyk. 135 s. [Vereshhagin, E.M., Kostomarov, V.G. (1973) Languages and cultures: Linguistic and foreign studies in teaching Russian as a foreign language. Moscow: Russkij jazyk. 135 p.] (in Russian)
- Vereshhagin, E.M. (1976) Jazyk i kul'tura. Moskva: Russkij jazyk. [Vereshchagin, E.M. (1976) Language and culture. Moscow: Russkij jazyk.] (in Russian)
- Vinogradov, V.V. (1980) O jazyke hudozhestvennoj prozy. Izbrannye trudy. Moskva: Nauka. 359 s. [Vinogradov, V.V. (1980) About the language of fiction. Selected Works. Moscow: Nauka. 359 p.] (in Russian)
- Zhumataeva, Z.N. (2007) Qazaq tilin turkitildi studentterge lingvoeltany. bagytynda oqytu adistemesi: ped. gyl. kand. ... dis. Almaty. 123 b. [Zhumatayeva, Z.N. (2007) Methods of teaching the Kazakh language to Turkic-speaking students in the direction of linguoeltany. Ped. Science. Kand. ... dis. Almaty. 123 p.] (in Kazakh)
- <https://ls.pushkininstitute.ru/lsslovar/?title=%D0%A2%D0%B5%D0%BC%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%87%D>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 17.06.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 20.09.2025.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.09.2025.

© Өтебаева Э.Ә., Нұстаева А.Б., Сәрсенбек Д.Т., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025

